



**ШАЙКЕН
АМАНАТ АМАНҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты

**АВГУСТХАН
СЫРЫМ АВГУСТХАНҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру институты Арнайы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы

**ҚЫЛМЫСТЫҚ АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ
ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ**

Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырған әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар. Біздің еліміздің ерекшелігі біз көпэтностық, көптілді және көпконфессионалды мемлекет болғандықтан, бүкіл посткеңестік кеңістікте сияқты, исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып, дами бастады. Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялары арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр [1, 9 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесі, еліміздің басқа да күш құрылымдары сияқты, мәселенің салдарына байланысты өте қиын жағдайға тап болды.

Біріншіден, жаһандық сипаттағы проблемалар. Адамзаттың инновациялық және жаңа өмір сүру формаларына көшуіне байланысты.

Екіншіден, бұл Қазақстанның ерекшелігіне байланысты мәселер, яғни ҚР этностардың әртүрлі менталды-өркениеттік даму деңгейі бар көпұлтты ел, олардың әртүрлі конфессиялық тиесілілігі. Сонымен қатар, көптеген діни

ұйымдар мен топтар заңды тұлға мәртебесін алмай, тіркеусіз әрекет етуі болып отыр.

Үшіншіден, бұл Қазақстанның тарихи қалыптасқан пенитенциарлық жүйесінің ерекшелігіне байланысты проблемалар, ол объективті себептерге байланысты өз қызметінің көптеген аспектілері бойынша діни төзімділікті қалыптастырумен байланысты проблемаларды шешуге дайын емес болып шықты. КСРО пенитенциарлық жүйесі «әскери атеизм» идеологиясының қатаң диктатурасында болғандықтан [2, 5.б].

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитеті академиясының ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Г. Қожабаеваның айтуынша, «экстремистік ағымдардың өкілдері – бұл Қазақстандық мекемелер үшін жаңа феномен». Олар мекеме ішінде және сотталғандардың көз алдында ерекше мәртебеге ие. Сонымен қатар, исламистердің идеялары Ислам қауымдастығына жамағатқа кіру, белгілі бір дәрежеде сотталушыны қорғайды, оған мүшеліктің арқасында, кеңес одағы үкіметі кезінде қалыптасқан субмәдениеттің белгіленген тәртібінен қатысудан аулақ болады. Сондай-ақ, мекемелерде болуы мүмкін діни радикализм мен қылмыстың өсуі сияқты факторлар қоғамдық қауіпсіздікке қауіпті фактор екенін атап өткен жөн. Мұндай мысалдарды Ақтау мен Балқаш қалаларында да байқаған болатынбыз. Әрине, бұл үрдіске қарсы тұру әрекеттері де жасалуда.

Дін проблемаларын зерттеу және психологиялық оңалту орталығының директоры Есбосын Смағұлов түрме ортасы экстремистік ағымдардың жақтаушылары үшін неге қолайлы жағдай туғызатынын түсіндіреді. «Егер алыс емес жерлерге экстремизм немесе терроризм үшін сотталған бір адам түссе, онда ол жерден 3-5, тіпті одан да көп радикалды ағымдардың жақтастары шығады. Өкінішке орай, осы баптар бойынша сотталғандар Қазақстанның барлық облыстары мен мекемелерінде бар», – дейді сарапшы.

Есбосын Смағұловтың айтуынша, «Мүмкін болашақта экстремизм мен терроризм үшін сотталған адамдар үшін жеке мекемелер құру немесе олар үшін түзеу мекемелерінің ішінде оқшауланған үй-жайлар беру туралы мәселе қойылуы мүмкін» [3].

Осы тұрғыда көптеген мамандарда әртүрлі ой қалыптасқан. Біреулер экстремистік қылмыс үшін сотталғандарды бөлек ұстауды қолдаса, біреулер қолдамай жатады. Мәдениетімізге және көптеген факторлар бойынша ұқсас Тәуелсіз мемлекеттер достағы (*әрі қарай – ТМД*) мемлекеттерінің тәжірибесін қарастырып өтейік.

Өзбекістан Республикасында 20 жылдан астам уақыт бойы экстремистік қылмыс үшін сотталған азаматтарға арналған «Жаслык» мекемесі жұмыс атқарған. Алайда 2019 жылдың тамыз айында Өзбекістан Республикасының президенті Шавкат Мирзиеев өзінің жарлығымен елге танымал «жаслык» қатаң режимдегі түрмесін жапты. Бұл мекемедегі сотталғандар басқа түрмелерге таратылды. Бірақ бұл мекемені жабудағы басты мақсат, қызметкерлердің өздерінің функционалдық міндеттерін асыра пайдалануы болды [4].

Тәжікстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардан бері пенитенциарлық жүйе саласында бірталай төтенше жағдайлар орын алды. Соңғы тәртіпсіздіктер 2018 жылдың 7 қарашасында Худжанда қаласының №3/3 түрмесінде орын алды, ресми мәліметтер бойынша 25 адам, оның ішінде екі мекеме қызметері қайтыс болды. Екінші көтеріліс 2019 жылдың мамыр айында Вахдат қаласында орналасқан түрмеде болды, оның салдарынан 32 адам қайтыс болды. Екі жағдайда да ұйым үшін жауапкершілікті Тәжікстан Республикасының және әлемнің бірқатар басқа елдерінің Жоғарғы Соты тыйым салған «Ислам мемлекеті» террористік ұйымы өз мойнына алды.

Билік өкілдерінің айтуынша көтеріліс кезінде өлтірілген сотталғандардың көпшілігі жоғарыда көрсетілген ұйымға қатысты және кеңес үкіметінен қалған субмәдинетті қолдайтын сотталғандар деп мәлімдейді;

Тәжікстан билігі терроризм мен экстремизм үшін сотталған адамдарды бөлек ғимараттарда ұстауға ниет білдірген. Бұл жаңалық 2019 жылғы 20 қарашада Душанбеде Әділет министрлігі мен PRI (Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасы) бастамасымен өткен «Тәжікстанда қылмыстық жазаны орындау жүйесін дамыту» атты аймақтық дөңгелек үстел аясында айтылды. Олар сондай-ақ мұндай сотталғандарға арналған жеке ғимараттардың жобалары туралы хабарлады.

Тәжікстан Әділет Министрінің орынбасары және қылмыстық жазаны орындау бас басқармасының бастығы Мансурджон Умаровтың пікірінше «мұндай ғимараттардың іске қосылуымен сотталғандардың осы тобына бақылау күшейтіліп, жаппай тәртіпсіздік, қастандық пен кісі өлтіру жағдайларының, ал ең бастысы радикалды нанымдардың таралуы және басқа сотталғандарды бағдарламалаудан алдын алады» [5].

Көрші, бауырлас Қырғыстан Республикасында 2019 жылы Шу облысының Молдован ауылында №27 колонияда терроризм мен экстремизм үшін сотталғандарға арналған жеке корпус ашылды. Ғимарат 180 адамға есептелген. Республикада экстремизм мен терроризм үшін 600-ден астам адам сотталған. Бірнеше жыл ішінде төрт адам ресми түрде өз идеяларынан бас тартты. Мемлекеттік жазаларды орындау қызметі (*әрі қарай – МЖОҚ*) төрағасы Таалайбек Жапаровтың айтуынша, «заң бойынша терроризм мен экстремизм үшін сотталғандар жеке камераларда ұсталуы тиіс. Алайда мұндай контингент үшін корпус мемлекет есебінен алғаш рет салынды. Терроризм мен экстремизм үшін сотталған адамдарды жеке ұстау бас бостандығынан айыру орындарына тартудың алдын алуды жақсартады». Айта кету керек Қырғыз Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне экстремизм мен терроризм үшін сотталғандарды жеке ұстауды көздейтін түзетулер 2016 жылы қабылданды. Құжат бастамашылары заң жобасы түрмелерде экстремизмнің таралуына жол бермейтінін атап өтті [6].

2018 жылы Ресей Федерациясының мемлекеттік Думасының кезекті отырысының үшінші оқылымда Ресей Федерациясының Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстеріне террористерді түрмелерде оқшауланған ұстау туралы түзетулер пакетін қабылдады. «Единая Россия» фракциясы

жетекшісінің бірінші орынбасары және жаңа заңнаманың авторы Адальби Шхагошевтің пайымдауынша «басты мақсат экстремистік идеологияның таралмауына жағдай жасау, террористік және экстремистік ұйымдардың қатарына тартылуына жол бермеу, сондай-ақ терроризмге қарсы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады»

Айтылып өткен заңнамға енгізілген жаңа толықтыруларда оқшаулап ұстаудан бөлек, тергеу изоляторында ұсталу уақытында бір күні бір күнге теңелетін болады.

Мемлекеттік құрылыс және заңнама жөніндегі бейінді комитеттің басшысы Павел Крашениников түсіндіргендей, заңда террористік бағыттағы қылмыстары үшін сотталғандарға қатысты жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде жеке өтеу туралы норма енгізіледі. Оның айтуынша, «оқшауланған түрме режимі сотталғандар арасында экстремистік идеологияның таралуын және оларды террористік ұйымдардың қатарына тарту мүмкіндігін азайтады» [7].

2020 жылғы мәліметке сәйкес елімізде экстремистік бағыттағы қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін жазасын өтеп жатқан 541 сотталғандар (2019 ж. – 656 адам, 2018 ж. – 531 адам) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталды [8].

Экстремистік қылмыс үшін сотталған азаматарды бөлек мекемелерде ұстау өте қызу талқылауға түсіп, әлі күнге дейін дискусиялар жүріп жатыр. Алайда, өзіміз қарастырып өткендей басқа сотталғандармен бірге ұстау салдарынан қаншама төтенше жағдайлар еліміздеде көршілес мемлекеттерде де орын алған. Басты проблема 70 жыл бойы отарлау саясаты кезінен пенитенциарлық жүйе саласында яғни көптеген сотталғандардың түсінігінде қалыптасқан «арнайы түсініктер». Кеңес үкіметі одағынан қалған «арнайы түсініктер», діни экстремистердің түсініктеріне тікелей қарама-қайшы келеді. Осынадай түсініспеушіліктің салдарынан көптеген қақтығыстар орын алады.

Осы тұрғыда көршілес мемлекеттердің тәжірибесін қолданып діни экстремизм үшін сотталғандарды, бөлек оқшауланған арнайы мекемелерде ұстау өзінің оң нәтиже беретіне сенеміз.

Қазақстан Республикасы, Қылмыстық-атқару кодексінің *(әрі қарай – ҚАК)* 94 бабында, сотталғандарды мекемелерде бөлек ұстау туралы қарастырған [9]. ҚАК-нің 94 бабына толықтыру яғни «діни экстремизм, терроризм және басқа да мекемелерде жазасын өтеп жатып теріс ағымдағы діни көзқарас пайда болғаны үшін оқшауланған мекемелерде ұстау» осындай толықтырулар енгізсек, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде діни экстремизмнің таралуы мен алдын алуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ішкі істер саласын реформалау мәселесіне айрықша назар аударып келе жатқаны белгілі. Оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесінің ғимараттарына аса назар аударды. Ғимараттар толықтай бейнебақылау камераларымен және қауіпсіздікті қамтамасыздандыру жағынан жоғарғы дәрежеде болуы керек [10].

Арнайы мамандандырылған экстремистерге арналған мекемені толықтай бейне бақылау камераларымен қамтамасыздандырып, деструктивті ағымдағы

сотталғандарды жіті қадағалап, қайтадан қоғамаға оралуына үлкен септігін тигізеді деген ойдамыз.

Қорытындылай келе, мәселені шешудің бір жолы ретіндегі түйінге, экстремизм, терроризм баптары бойынша сотталғандар ұсталатын арнайы мамандандырылған мекемеге, арнайы дайындықтан өткен білікті қызметкерлерді қабылдаған жөн болар еді. Біздің көзқарасымыз бойынша осы тұрғыда көп жылдар бойы, қылмыстық-атқару жүйесі саласында көптеген білікті мамандар дайындап келе жатқан Ш. Қабылбаев атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясын (*әрі қарай – Академия*) таңдаған жөн болады деп ойлаймыз. Академия болашақта Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы (*әрі қарай – ҚМДБ*) және Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Дін істер комитетімен бірлесіп меморандум жасап, оқу бағдарламамсын құрастырса қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизммен күрес саласын өте жоғарғы деңгейдегі мамандар шығанатына кәміл сенеміз. Академияда өтетін арнайы дайындық курстарына қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, контингенттің субмәдинетін түсінетін қызметкерлер жіберіліп курсты толығымен өтсе, онда болашақта қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмнің алдын-алуға және қасы үлкен септігін тигізетіне сенеміз.

Әдебиет

1. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. – 320 б.
2. Альменов С.С., «Актуальные вопросы профилактики распространения религиозного экстремизма и терроризма в уголовно-исполнительной системе Республики Казахстан» // Диссертация на соискание магистра юридических наук // Костанайская Академия МВД имени Ш.Кабылбаева//2018 год.
3. «Работать с осужденными за терроризм и экстремизм в колониях некому» [Электронный ресурс] <http://online.zakon.kz> (жүгіну күні 15.04.2021).
4. <https://russian.eurasianet.org/жаслык> (жүгіну күні 15.04.2021).
5. <https://cabar.asia/ru/tadzhikistan-kak-ostanovit-raspolzanie-ekstremizma-v-tyurmah> (жүгіну күні 13.04.2021).
6. <https://inbusiness.kz/ru/last/v-kyrgyzstane-postroili-tyuremnyj-korpus-dlya-zaklyuchennyh> (жүгіну күні 12.04.2021).
- 7 <https://tass.ru/obschestvo/5930749>. (жүгіну күні 13.04.2021).
8. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен ақпарат [Электронный ресурс]. // <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/MainMenu>. (жүгіну күні 11.04.2021).
9. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (жүгіну күні 13.04.2021).
10. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/254883-tuzeu-mekemelerin-de-turlendiru-qadget> (жүгіну күні 13.04.2021).